



Егемен Қазақстан



Egemen.kz

Қауіп қайдан деменіз

немесе араны ашылғандарға тоқтау бола ма?

Елбасының сындарлы саясатының арқасында шекарамыз шегенделді, халықаралық беделіміз күшейді, әл-қуатымыз арта түсті. Енді сырттан тосын қауіп келмейтіні анық. Бірақ іштен шыққан жау жаман дегендей, сатқындық, алдау-арбау, қулықсұмдық, сыбайлас жем қорлық пен ұйымдасқан қылмыс, қызмет бабын асыра пайдалану сияқты толып жатқан келеңсіздіктерге жол беретін кім? Әрине, шеттен келгендер емес, өзіміз. Демек, қатер қайдан деменіз, жау ішімізде. Мәселе енді сол іштен шыққан жаулардан қорғанудың қиындығында болып тұр. Солардың бірі, сыбайлас жемқорлық мемлекеттігімізге қауіп төндіретін ең үлкен қатер. Оны басшы да, қосшы да, бәрі айтады. Алайда одан келіп, кетер нәтиже жоқ. Сол жегендер жеп жатыр, жеменгендер кезек күтіп жемін аңдып жүр. Үрдіс үзілер емес.

Сонда біздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарымыз қайда? Олардың пәрмені жоқ па? Неге шенеуніктер бұл заңның қолданылуынан қорықпайды? Өзге адамдардан гөрі мемлекеттік қызметтегі шенеуніктер Конституциямыздан бастап барлық заңнаманы, соның ішінде осы «Сыбайлас жемқорлық туралы» Заңды жатқа білуге тиіс қой. Демек, қылмыс жасап ұсталса, қандай жазаға тартылатынын да жақсы біледі. Алайда, түрмеге түсіп қор болғанша, бір айлықпен күн көріп, тыныш жүргенім артық дейтіндер көрінбейді.

Бұл орайда біреулер қазір адал мен арамның арасын ажырату ақылға сыйымсыз дейді. Өйткені, кезінде Кеңес өкіметінен қараусыз қалған қаңыраған қоғамның қазынасын, сан жылдар ортақ қазына деп жинаған халықтың дүниесін бауырына басып қалғандар мен қолында түгі жоқ тақыр жерден шынайы өз қабілет, күшімен байыған жандарды бірдей санаймыз. Ал, негізінде, олардың қайсысы арам, қайсысы адал жолмен күн көріп

отырғанын жақсы білеміз. Бірақ: «Ауызы қисық болса да, бай баласы сөйлесін», дегендей, «байлығымен» қызмет иеленіп отырғандарды ешкім қағажау қыла алмайды.

Жемқорлық – сатқындық

Дегенмен, бізге бір қуат беретіні, дамыған мемлекеттерде жемқорлық әрекетке төзбейді, оны өте жек көреді. Әлем елдерінің барлық тілдерінде «жемқорлық» сөзі «параға сатып алу» ұғымын білдіреді. Сондықтан да көптеген ел халқының түсінігі бойынша жемқорлық – сатқындық дегенмен бірдей қолданылады. Мәселен, орыс тілінің түсіндірме сөздігінде жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. Жалпы қай елде болмасын, сатқындық деген сөз жақсы атау емес. Бірақ қазір бұған көпшіліктің еті үйреніп, үйреншікті жағдайға бой алдырып бара жатқандай. Өйткені, жемқорлыққа салынатындар бәйгеге түскендей бірінен-бірі оза шауып жарысуда. Көзге түспей мәреге бұрын жеткендері мұрттары майланып, халықтың қазынасын сорып отыр. Мұны ел білмейді емес, біледі. Бірақ жүйені өзгерту мүмкін емес дейді. Жүйені өзгертем дегенше халықтың қазынасында ештеңе қалмайтын түрі бар. Зейнетақы қоры секілді барлық қорымыз сарқылар күн туса не істейміз? Шенеуніктер бұған бас қатырғысы келмейді. Ал көпшілік, егер адамдар бір-біріне пара бермесе, жемқорлық өздігінен жоғалады деп ойлайды. Бірақ олай емес екенін көзі ашық, көкірегі ояу адамдар тағы жақсы біледі. Қалып тасқан жүйеге сәйкес пара берме се жұмыс жүрмейді, жұмыс болма ған соң сыбайласа жеуге ақша бөлінбейді.

Мәселен, Көлік және коммуникациялар министрлігінің мемлекеттік сатып алу жоспарын талдауда Оңтүстік Қазақстан облысындағы Жизақ – Сарыағаш жолының 7,5 шақырымын жөндеу үшін 784 млн.теңге жоспарланғаны белгілі болды. Яғни, осы жолдың әрбір шақырымын жөндеуге 104,5 млн.теңге жоспарланған, ал 2012 жылы дәл осы жолдың басқа телімінің әрбір шақырымын күрделі жөндеуге 57,4 млн.теңге кеткен еді, яғни 2 есе арзан. Көлік және коммуникациялар министрлігі жұмыстардың осылай бірден қымбаттауын түсіндіре алмаған соң, конкурс өткізілмеді. Сонымен қатар, Төтенше жағдайлар министрлігі дизельдік генераторларды сатып алудың бағасын бірден 2 есеге дейін төмендетті. Нәтижесінде бюджеттің 3,2 млн.теңгесі сақта - лып қалды. Ал сақталмаса бұл қаражаттың бәрі қайда, кімнің қалтасына түсер еді? Мұндай китұрқылықты Қаржы полициясы ашқанға дейін оны өзге шенеуніктер білмеді дейсіз бе?

Сол сияқты «Қазпотребнадзор» жанындағы жемқорлыққа қарсы күрес комитетінің әлеуметтік сұрау жүргізуіне байланысты есептей келгенде Жол полициясындағы жемқорлықтың салдарынан жыл сайын ел қазынасына 55 млрд. теңге түспей қалады екен! Бұған енді не дейсіз? Егер әр құқық бұзушылық үшін жол полицейлері айыппұл жазып отырса, онда әрқайсысына 280 бала сыятын 150 балалар үйін салуға мүмкіндік туар еді дейді. Бірақ мұндай қаржының бәрі халықтың, әлгі балалардың құқын қорғайды деген кейбір оқалы киімділер секілді ешуақытта елінің патриоты бола алмайтындардың жеке қалтасына түсіп жатыр. Бұл неліктен?

Жемқорлықты шектеудің шетелдік үлгісі

Сарапшылар, бүгінгі таңда жемқорлық бір мемлекетке ғана емес, әлемдік қоғамдастыққа тұтас төніп тұрған жүйелі қатер болып табылады дейді. Осыған байланысты оған қарсы тұру тек жүйелі жоғары деңгейде ғана жүзеге асырылуға тиіс.

Шет елдердің жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу тиімділігін саралар болсақ, олар жемқорлыққа қарсы шаралар жүйесін нақты есеппен құру қажеттігін алға тартады. Мәселен, қоғамға оның төндіріп тұрған қаупін нақты анықтау, сол қоғамның кадрлық, қаржылық және басқа да мүмкіндіктерін білу өте қажет және мемлекеттік саясат жемқорлықтың төзгісіз жайт екенін нақты көрсетуі тиіс. Бұл орайда сыбайластықтың негізгі себептері: мемлекеттік басқа рудың жетілмегені; билік тарапынан әкімшілік етудің көптігі; бәсекелестікте кез келген мүмкіндікпен тек басымдыққа ие болуға ғана ұмтылу; шенеуніктер мен кәсіпкерлердің сараңдығы мен ардан безгендігі; құқық қолдану

шылардың кәсіптік деңгейінің төмендігі; халықтың құқықтық сауатсыздығы; заңдардың тиімсіздігі; мемлекеттік және муниципальдық қызметкерлердің, дәрігерлердің, мұғалімдердің және басқа да кәсіп иелерінің кірістері төмендігі; шенеунік ағайындардың лауазымды қызметтен кетпейтін айналмалы кепілдігі болып отыр.

Сондықтан да Ресей Федерациясында Ұлттық стратегияға сай жемқорлыққа қарсы тұру мақсатында үш негізгі мәселе ретімен қолға алынуда: біріншіден, жемқорлыққа қарсы тұрудың заңдылық және ұйымдық негізін уақытқа сай қалып тастыру, жемқорлыққа қарсы тұру саласындағы заңдылық актілер мен басқару шешімдерін орындауды ұйымдастыру, жемқорлық көріністеріне кедергі келтіретін және оны төмендететін жағдай туғызу, жемқорлыққа қарсы нормаларды қоғам мүшелерінің орындауды қамтамасыз етілуі, қажет болған жағдайда Ресей Федерациясының заңдылық актілеріне сай күш қолдану шараларын пайдалану болып табылады.

Олардың заңы бойынша, маңызды саяси шешімдерді қабылдайтын лауазымды тұлғалардың шетел банктерінде есептері, салымдары болмауы керек, оған тыйым салынады. Сондай-ақ, шетелдік құнды қағаздар мен шетелдік қаржылық құралдардың болуына тыйым салынған жөн дейді. Мәселен, Ресейде 25 мың рубль пара алған лауазымды тұлға бірден 625-тен 1 млн. 250 мың рубльге дейін айып төлейді, ал параны берген адамға 375-тен 750 мың рубльге дейін айып салынады. Бұл жай пара алғаны үшін төлейтін айыптары болса, жоғары көлемде пара алғандар, бұдан бірнеше есе көп айып төлейді, сосын сотталады. Ресейде бір ғана құқық қорғау органдарын аттес - таттау кезінде 30-ға тарта генералдар сынақтан өте алмай қалған, дұрысы өткізбей тастаған. Біздің елімізде ше? Аман-есен зейнетке шығып кеткендер ғана бар.

Ал жұрттың бәрі соңғы кездері тәртібін айта беретін Грузияда да сыбайлас жемқорлық толқыны 2003 жылдары өте қатты болған көрінеді. Ел үшін күн тәртібінде ең басты мәселе ретінде бір ғана жемқорлық тұрған. Сондықтан жаңа билік бұл кеселмен жаңаша күресуге және оны түбегейлі жоюға бірден кірісті. Осыған орай жемқорлыққа қарсы нақты реформалардың арқасында, ең алдымен, білім беру және сот жүйесі, полиция мен көпшілік секторлар жемқорлық деген жексұрын әдеттен біртіндеп арыла бастаған. Тіпті құқық қорғау органдарындағы сыбайласқан сырқаттың көзін тамырымен құрту үшін Жол полициясы құрамын бастан-аяқ түгел жаңартқаны белгілі. Ал сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты құжаты ретінде Грузияның Ұлттық жемқорлыққа қарсы стратегиясы қабылданған. Мұндай құжат 2005 жылы алғаш рет қабылданса да, оның негізгі мақсаты тек жемқорлықпен күрес болған. Олар осы бағытта көптеген жылдар бойы бірқатар шаралар қамтылғаннан кейін жаңа ұлттық жемқорлыққа қарсы стратегия дайындау және қабылдау кезеңіне көшеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы малайзиялық шаралардың әсер ету тиімділігі де өте күшті. Оларда қашан да, ашықтық, адалдық, сатылмаушылық, шыншылдық алда жүреді. Корпоративтік адалдық пен сатылмаушылықты қамтамасыз ету бойынша кез келген мекемеде міндеттеме қабылданады. Бұдан соң олар адалдық пен сатылмаушылық туралы пакт қабылдайды. Мегажобалар туралы мониторингтер жүргізіледі. Корпоративтік адалдық пен сатылмаушылықты қамтамасыз ету бойынша міндеттеме алу дегеніміз кез келген бір компанияның Малайзиядағы корпорацияларға қолданылатын жемқорлық қағидаттарын ұстану жөніндегі міндеттерді өзіне қабылдауы болып табылады. Бұл – өте маңызды құжат. Міне, осы міндеттемеге компания бір жақты қол қоя отырып, жемқорлықты жасамауға, жемқорлықсыз іскерлік ортаны қалып тастыруға және өзінің бизнесін жүргізуде, іскерлік әріптес терімен қарым-қатынаста Малайзиядағы корпорацияларға қолданылатын жемқорлыққа қарсы қағидаттарды қатаң сақтауға міндетті болады. Осы аталған құжатқа қол қойылғаннан кейін компания өзінің қызмет амалдарының ұстанымын нақты тізіп көрсетіп береді. Және бұл ұстаным жазбаша бекітіліп, егер компания жұмыс барысында жемқорлыққа теңестірілген келеңсіздіктермен кезігіп қалған жағдайда басшылыққа алынатын құжат болып саналады. Сондай-ақ, аталған компанияны бұл міндеттеме, оның мүдделілік танытқан тараптарына өзінің іскерлік

қызметі оны өзге компаниялардан ерекшелеп, яғни жемқорлық көріністерімен байланысты емес екендігін айғақтай түсетіндей артықшылығын көрсететін құжаты болып табылады.

Жемқорлықтың зияны неде?

Жемқорлық көріністері тұрақсыздықты қалыптастырып, ел кірісін кемітіп, мемлекеттік қызмет көрсету мүмкіндіктеріне қатер туғызады. Инвестиция тартуды тежеп, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына айрықша зиян келтіреді. Елдің сауда және транспорт, экономикалық дамуына тосқауыл қояды. Азаматтардың партиялар мен үкіметтік мекемелердің және саяси жетекшілердің, биліктің атқарушы органдарының заңның үстемдік құрады дегендеріне сенімсіздік туғызады. Мұның соңы көпшіліктің наразылығына, әлеуметтік теңсіздікке, дауға соқтырады. Бәрінен сорақысы, терроризммен байланысқан ақшаны жылыстату әрекеті белең алып, ұйымдасқан қылмыс өрісін ашады.

Мәселен, Петропавл қаласындағы ұйымдасқан топ 2006-2013 жылдары салықты төлеуден жалтару және ақшаны заңсыз жылыстату мақсатында коммерциялық ұйымдарға қызмет көрсету үшін 25 жалған кәсіпорын ашқан. Оны басқарған Ресейдің азаматы Вайло біреу екен. Оның қармағына бірнеше адам кірген. Жалған кәсіпорынның барлық бухгалтерлік және қаржылық құжаттарын әлгі Вайло деген жүргізген көрінеді. Топтың қалған мүшелері соның айтуымен тауарларды жеткізу және көрсетілген қызмет үшін деген желеумен түрлі коммерциялық ұйымдардан жалған фирмалар есебіне түскен ақшаны айналдырып отырған. Сөйтіп, ақыр соңында олар әлгі жалған кәсіпорындар әрекеті арқылы мемлекетке төленбеген салық түрінде 3 млрд. 828 млн. теңге зиян келтірген. Ал Жамбыл облысында үстіміздегі жылы ғана жоғарыда айтылғандай, 31 жалған кәсіпорын әрекеті анық талған. Оларға қатысты 8 қылмыстық іс қозғалған. Бірақ, амал нешік, мемлекетке 6,1 млрд. теңге шығын келді.

Еліміздегі мемлекеттік сатып алу жүйесі сыбайлас жемқорлыққа барынша бейім салалардың бірі болып тұр. 2008-2012 жылдар аралығында Қаржы полициясы мемлекеттік сатып алу саласында 1800 жемқорлық қылмысты анықтаған. Бұлардан мемлекетке 7 млрд. теңгеден астам зиян келген. Ал ең сорақысы, осындай қылмыстар жылдан-жылға көбейе түсуде. Бұл нені білдіреді?

Өткен жылы мемлекеттік сатып алу саласында анықталған сыбайлас жемқорлық қылмыстардың 78 пайызын әкімдік және оның құрылымдық бөлімдерінің қызметкерлері жасаған. Тіпті, ең сорақысы, солардың 26-ы әкімдердің өздері мен олардың орынбасарлары екен. Әкімдердің өздері бас болып, мемлекет қаражатын талан-таражға салып, тонап жатқан соң қалғандары қарап тұрмайтыны рас. Бұл әдет санаға өтіп, сүйекке сіңеді. «Қолыңнан келсе, қоныштан бас, мүмкіндік туса, сен де ал» деген секілді теріс ойға итермелейді. Сөйтіп, соның нәтижесінде, бағалы затты тиіп көшеде кетіп бара жатқан жүк көлігі кенеттен аударылып, мүлкі шашылып түсер болса, әрлі-берлі ағылған жұрт қолға іліккенін әкетеді. Мұндай көріністер қай жерде болмасын қайталанады. Тіпті табиғи апаттарға ұшырап жер сілкініп, үйлер құлап, адамдар мертiгіп жатқанда өзгенің қайғысында шаруасы жоқ адамдар үйінді астында қансыраған жандардың дүниесін теріп, көтергенше әкеткендері шындық. Бұл жемқорлыққа қарсы күреске шақыратын, адам бойында теріс қылықтарға төзгісiздік қасиетін қалыптастыратын шаралардың, адамдар санасындағы құқықтық мәдениеттің жоқтығы мен тәрбиенің кемдігі. Ендеше, әкімдерді жем қорлықтан арылтудың амалдары бар ма?

Күрес жолдары қандай?

Жемқорлықты жоюдың жолдарын әркім әртүрлі айтады. Ондай азаматтардың бәрінің түпкі арманы – араны ашылған арсыздар енді бұдан былай ұрлауын тоқтатса екен. Амал не, тоқтатар емес. Демек, қарсы шараны да күшейту керек. Соның бірі – жемқорлар көп шыққан мекемелердің қызмет көрсету жүйесін толықтай қайта қарау, оның басшыларын қызметтен босатып, кейін қайтіп ешқайда жұмысқа алмау. Бұл шетелде

әбден тәжірибеден өткен, тиімділігі артқан шара. Артынша сот шешімімен олардың алтынмен қапталып, күміспен өрілген кең сарайларын тауқыметі бастан асатын пәтерлерге ауыстырып, балаларының, туған-туысқандарының атына жазылған бар байлығын түгін қалдырмай тәркілеу де тәжірибеге енуі қажет. Әйтпесе, ешуақытта жемқорлық жойылмайды. Ал қазір қай мекемелерден жемқорлардың көп шығатынын жұрттың бәрі жақсы біледі. Оны тіпті іздеп, анықтап, дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Бәрі белгілі.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас қылмыстарды талдау оның нағыз жемқорлық дендеген сала екендігін анықтады. Кәсіпкерлерден мемлекеттік сатып алу конкурстарында жеңіс үшін пара талап ету тыйылар емес. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша мемлекеттік сатып алулар кезінде бюджет қаражатын ұрлау және қызметін теріс пайдалану олардың тиімді атқарылуына қауіп төндіреді. Мұнда сыбайлас қылмыстардың жоғары болу себептерінің бірі – конкурстардың заңдылығын қадағалайтын мемлекеттік орган лауазымды тұлғаларының жемқорлыққа бейім болуында. Соңғы 5 жылда осы санаттағы қылмыстарды жасағаны үшін 320-дан аса лауазымды тұлға сотталды. Олардың қатарында бұрынғы Экология және қоршағаны ортаны қорғау министрі мен оның орынбасарлары, Төтенше жағдайлар министрінің орынбасары, Статистика агенттігінің, Көлік және коммуникация министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің бұрынғы басшылары және т.б. бар. Осындай қылмыстардың алдын алуға және жолын кесуге бағытталған кешенді шаралар әлі де аса қажет.

«Өмір сүру дегеніміз – күрес», деген екен кезінде М.Горький. Мына жарық дүниеге келген соң қай жанның тіршілік еткісі келмейді дейсіз. Бәрі де жұрт қатарлы өмір сүруді ойлайды. Бірақ біреудің есе бінен күн көру, өзгенің несібесін ұрлау қашанда әділетсіздік болып есеп телген. Дамыған шет елдердің тәжірибесіне сүйенсек, олардың мыңғырған байларының бәрі сол байлықтарын өздері тірнектеп жинаған, анығырақ айтқанда, өздері өз қолымен жасағандар. Мәселен, бір ғана Генри Форд, Карлос Слим, Билл Гейтс, Уоррен Баффетт, т.б. алайық. Оларға біреу жоғары лауазымын пайдаланып, мол байлықты алдына салған жоқ. Әлемді тандандырған сол мол байлықты өздері жасады, сосын мемлекет те күшейді. Ал біз ондайға қалай, қашан жетеміз?

Александр ТАСБОЛАТОВ